

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Фармация комитеті Төрағасының  
201\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**Гексорал® Табс Классик**

**Саудалық атауы**

Гексорал® Табс Классик

**Халықаралық патенттелмеген атауы**

Жоқ

**Дәрілік түрі**

Соруға арналған апельсинді, лимонды, бал-лимонды, қарақарақатты  
таблеткалар

**Құрамы**

Бір таблетканың құрамында

*белсенді заттар:*

2,4-дихлорбензил спирті 1.2 мг

амилметакрезол 0.6 мг

*қосымша заттар:*

- сахароза, сұйық глюкоза, лимон қышқылы моногидраты, рибофлавин  
натрий фосфаты бояғышы, қан қызыл бояғышы (Понсо 4 R), жалбыз майы,  
анис майы, тәтті апельсин майы (апельсинді)

- сахароза, сұйық глюкоза, лимон қышқылы моногидраты, рибофлавин  
натрий фосфаты бояғышы, жалбыз майы, анис майы, концентрацияланған  
лимон майы (лимонды)

- сахароза, сұйық глюкоза, қан қызыл бояғышы (Понсо 4 R), рибофлавин  
натрий фосфаты бояғышы, карамель бояғышы, жалбыз майы, лимон майы,  
балдың дәмін беретін зат (бал-лимонды)

- сахароза, сұйық глюкоза, лимон қышқылы моногидраты, қара ПН және  
қан қызыл (Понсо 4R) (1.0 : 0.7) бояғыштарының қоспасы, жалбыз майы,  
қарақарақаттың дәмін беретін зат (қарақарақатты).

**Сипаттамасы**

Екі беті дөңес дөңгелек пішінді қызыл сары түсті таблеткалар (апельсинді).

Екі беті дөңес дөңгелек пішінді сары түсті таблеткалар (лимонды).

Екі беті дөңес дөңгелек пішінді қоңырқай-сары түсті таблеткалар (бал-лимонды).

Екі беті дөңес дөңгелек пішінді күлгін түсті таблеткалар (қара қарақатты).

Ауа көпіршіктері мен шеттері тегіс емес болуы мүмкін.

### **Фармакотерапиялық тобы**

Респираторлық жүйе ауруларын емдеуге арналған препараттар. Тамақ ауруларын емдеуге арналған препараттар. Антисептиктер. Басқа да препараттар.

АТХ коды R02AA20

### **Фармакологиялық қасиеттері**

#### **Фармакокинетикасы**

Жүйелі сіңірілуі төмендігіне байланысты Гексорал® Табс Классик фармакокинетикасы туралы деректер жоқ.

#### **Фармакодинамикасы**

ЛОП-практикада және стоматологияда жергілікті қолдануға арналған антисептикалық біріктірілген препарат. 2,4-дихлорбензил спирті бензол туындысы, амилметакрезол – фенол туындысы болып табылады. Препараттың белсенді компоненттері жергілікті антисептикалық және азғана жергілікті жансыздандыратын әсер туғызады; шырышты қабатқа адгезиясы әсерінің ұзаруына ықпал етеді. Гексорал® Табс Классик жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабықтарының тітіркену симптомдарын жояды, шырышты қабыққа деконгестантты әсер көрсетеді, мұрынның бітелуін төмендетеді, тамақтың тітіркенуін және ауыруды жұмсартады.

Гексорал® Табс Классиктің әсер ету механизмі микробтық жасушалардың ақуыздары коагуляциясымен, сондай-ақ жасуша жарғақшалары липидтерімен өзара әрекеттесуімен байланысты, бұл қоздырғыштарға қарсы тиімділігін анықтайды. Грамоң және грамтеріс микроорганизмдердің кең ауқымына қатысты белсенді, сондай-ақ, микозға қарсы әсерге ие.

### **Қолданылуы**

- ауыз қуысы мен жұтқыншақтың инфекциялық-қабыну ауруларында.

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Ересектер мен 12 жастан асқан балаларға әр 2-3 сағат сайын 1 таблеткадан сору ұсынылады. Ең жоғарғы тәуліктік доза - 8 таблетка. Таблетканы толық ерігенге дейін баяу сору керек. Емдеу курсы – 5-7 күн.

### **Жағымсыз әсерлері**

*Сирек:*

- аллергиялық реакциялар

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық глюкоза-галактоза мальабсорбциясы
- 12 жасқа дейінгі балаларға

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Басқа топтағы дәрілік препараттармен клиникалық маңызды өзара әрекеттесуі анықталған жоқ.

### **Айрықша нұсқаулар**

Препаратты эпилепсияда, жүрек өткізгіштігі бұзылғанда, шокта, бауыр функциясы бұзылуында *сақтықпен* қабылдау керек.

Тамақтың ауыруы 2 күннен астам уақытқа созылғанда немесе бас ауыруы, жүрек айнуы, құсу қатарласқанда дәрігермен кеңесу қажет.

Препарат құрамында қант бар, мұны қант диабеті бар науқастар, сондай-ақ, гипокалориялық диетада есепке алу керек. Ұзақ қолданғанда (екі және одан көп апта ішінде) тісті зақымдайтын әсер береді.

Егер ауру симптомдары сақталып қалса, нашарласа немесе жаңасы пайда болса, препарат қабылдауды тоқтатып, дәрігермен кеңескен жөн.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек. Бала препаратты жұтып қойған жағдайда, дереу медициналық көмекке жүгінген жөн.

#### *Жүктілік және лактация кезеңі*

Препаратты жүктілік және бала емізу кезеңінде дәрігердің бақылауымен және ана үшін болжамды пайдасы шарана мен балаға төнетін қаупінен асып түсетін жағдайда ғана қолдануға болады.

#### *Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Препараттың автокөлік басқару және қозғалмалы механикалық жабдыққа қызмет көрсету қабілетіне әсері анықталған жоқ.

### **Артық дозалануы**

Ұсынылған дозаларда қолданғанда препараттың артық дозалану жағдайлары анықталған жоқ.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

Алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықсыз қаптамаға 4 таблеткадан салынған. 2, 3 немесе 4 пішінді қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықсыз қаптамаға 8 таблеткадан салынған. 2 немесе 3 пішінді қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### **Сақтау шарттары**

Құрғақ жерде, 30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.  
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

4 жыл

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептсіз

### **Өндіруші**

«Юник Фармасьютикал Лабораториз» («Дж.Б. Кемикалс энд Фармасьютикалс Лтд.» фирмасының бөлімшесі), Үндістан  
Нилам Сентер, «Б» қанаты, 4 қабат, Хинд Сайкл Роуд, Ворли,  
Мумбай – 400 030, Үндістан

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«Джонсон & Джонсон» ЖШҚ, Ресей  
121614, Ресей, Мәскеу қ., Крылатская к-сі, 17, 2 корпус

***Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы***

Қазақстан Республикасындағы «Джонсон & Джонсон» ЖШҚ филиалы  
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Тимирязев к-сі, 42, 23-А павильоны

тел./факс: +7 (727) 356-88-11; +7 (727) 356-88-19

электрондық пошта: [safetyru@its.jnj.com](mailto:safetyru@its.jnj.com)